

**Аз қамтылғын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметті тұтыну мен тұрғын үйді ұстау үшін төлем етуге тұрғын үй көмегін көрсету ережелерін бекіту туралы**

### **Күшін жойған**

Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2008 жылғы 18 желтоқсандағы № 14/87 шешімі. Ақмола облысы Зеренді ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 23 қаңтарда тіркелді № 1-14-93. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2010 жылғы 3 қарашадағы № 34-217 шешімімен

***Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2010.11.03 қарашадағы № 34-217 шешімімен***

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік Кодексінің 53 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6,7 баптарына және аудан әкімінің ұсынысына сәйкес Зеренді аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш И М**

1. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметті тұтыну мен тұрғын үйді ұстау үшін төлем етуге тұрғын үй көмегін көрсету ережелері қосымшага сай бекітілсін.

2. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің аймақтық тізілімінде № 1-14-78 номірімен тіркеліп, 2008 жылғы 14 наурыздағы № 21 «Бірлік-Единство» газетінде жарияланған, аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 12 ақпандағы №6-38 «Аз қамсыздандырылған азаматтарға коммуналдық шығындарды өтеу және тұрғын үйлерді пайдалану үшін тұрмыстық жәрдемақы төлеу ережесі туралы» шешімінің күші жойылған деп танылсын.

3. Осы шешім Зеренді ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен кейін күшіне енеді және ресми жарияланған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

хатшысы  
«КЕЛІСІЛДІ»

әкімі

**K.XASENOV**

*E.Сағдиев*

«Жұмыспен  
әлеуметтік

**З е р е н д і**

**ауданының**

**қ а м т у ж ә н е**  
**бағдарламалар**

**C e c c i a  
a u d a n d y k**

**t o r a f a s y  
M e s l i x a t**

мекемесінің менгерушісі

3.Б.Қазиақпарова

«Экономика және бюджеттік

жоспарлау бөлімі» мемлекеттік

мекемесінің бастығы

Б.Н. Әбутәліпов

Б Е К И Т И Л Д И

Аудандық

2008

жылғы

18

М ә с ли х а т т ы ң

№ 14-87 шешімімен

желтоқсандағы

**Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметті тұтыну мен тұрғын үйді ұстау үшін төлем етуге тұрғын үй көмегін көрсету ЕРЕЖЕЛЕРІ**

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабының 2 тармағы негізінде әзірленді.

2. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді ұстау үшін төлем етуге көмек көрсетіледі.

3. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға алаңының белгіленген нормасынан тыс төлем ету жалпы негіздемелерде өткізіледі. Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормасы бір адамға 18 шаршы метр белгіленеді. Жалғыз тұратын азаматтар үшін өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормасы бір адамға 30 шаршы метр белгіленеді, бірақ бір бөлмелі пәтердің алаңынан кем емес.

4. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі осы жерде тұрақты мекендейтін және тұрғын үйдің меншік иесі немесе жалға алушылар болып табылатын тұлғаларға бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

5. Тұрғын үй көмегі отбасының деректі шығындарының тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған төлемдерден, осы мақсаттарға арналған шекті мүмкінді шығындарынан жоғары болған жағдайда беріледі.

6. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну үшін төлем етуге шекті мүмкінді шығындар үлесі отбасы табыстары жиынтығының 11 % (пайыз) мөлшерінде белгіленеді.

7. Осы Ереженің 2 тармағына сәйкес тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтар бар отбасылар мен тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін кондоминиумның ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жасауға арналған шығындарға өтемақы алуға құқылы.

8. Коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері (сумен қамту, газбен қамту, канализация, электрмен қамту, жылумен қамту, қоқыс шығару) деректі тұтыну мөлшерінен белгіленеді, бірақ құрылыш нормалары мен ережелері жөніндегі есептерге сәйкес шекті шамалардан артық емес болуы тиіс.

9. Тұрғын үйді ұстай мен коммуналдық қызметтерді пайдалану нормативтері мен тарифтері заңнамамен белгіленген тәртіпте анықталмаған жағдайда шығындарды өтеу деректі шығындар бойынша өткізіледі, бірақ коммуналдық қызметтерді тұтынудың белгіленген нормативтерінен артық емес болуы тиіс. Коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеу құралдары бар тұтынушылар үшін есепке алынатын шығындар алдағы тоқсан бойынша есептеу құралдарының көрсеткіштері негізінде деректі шығындар бойынша анықталады, бірақ коммуналдық қызметтерді тұтынудың белгіленген нормативтерінен артық болмауы тиіс. Стационарлық газ плиталары жок үйлер үшін отбасының бір мүшесіне айна газ беру нормасы 4 кг құрайды.

10. Барлық коммуналдық қызметтерге тарифтер және тұрғын үй көмегін есептеу үшін олардың өзгерулері қызмет берушілермен ұсынылады.

## **2. Жергілікті отынмен жағылатын жеке тұрғын үйлерде тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі**

11. Жергілікті отынмен жағылатын жеке тұрғын үйлерде тұратын отбасыларға тұрғын үй көмегі тұрғын үйдің меншік иелеріне, тұрғын үйді жалдау келісім болған жағдайда жалға алушыларға беріледі.

12. Жергілікті отынмен жағылатын жеке тұрғын үйлерде тұратын отбасыларға тұрғын үй көмегін есептеу үшін тұрғын үйдің әлеуметтік нормасына сәйкес отын шығыны ескерілсін.

13. Көмірдің бағасын есептеу үшін тұрғын үй көмегін есептеу тоқсанының алдындағы тоқсанның соңғы айы (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан) жағдайына статистика және ақпарат басқармасымен ұсынылатын аудан бойынша орташа бағалар пайдаланылысын.

14. Жергілікті отынмен жағылатын жеке тұрғын үйлер үшін пайдаланылатын шығын нормасы мен өзге отын түрінің бағасы тұрғын үй көмегін есептеу кезінде шығын нормасы мен көмір бағасына баламалы болып саналсын.

15. Көмірді сатып алудың маусымдылығына байланысты тұрғын үй көмегін есептеу кезінде тұрғын үйге барлық әлеуметтік шығын нормасы (көмірдің бағасы) өтініш беру тоқсанында үш айға саналсын.

16. Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде жеке тұрғын үйде тұратын отбасының орташа табысы өтініш беру тоқсаны алдындағы тоқсанға есептелсін.

17. Электрмен қамту, газбен қамту, сумен қамту, қоқыс шығару жөніндегі шығындар тұбіртектер бойынша өтініш беру тоқсаны алдындағы тоқсанға орташа есепке алынады.

### **3. Тұрғын үй көмегін ұсыну тәртібі**

18. Жеке меншігінде тұрғын үйдің бір бірлігінен артық үйі (пәтер, үйлер) бар немесе тұрғын үйлерді жалға беретін тұлғалардың тұрғын үй көмегін алуға құқықтары

**б о л м а й д ы .**

19. Құрамында 1,2 топтағы мүгедектерді, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларды құтетін немесе 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелейтін тұлғалардан басқа «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде тіркелмеген, қызмет етпейтін, оқымайтын, әскерде қызмет еткермейтін еңбекке қабілетті тұлғалар бар отбасылардың тұрғын үй көмегін алуға құқықтары жоқ. Мерзімді әскери қызметтегі тұлғалар отбасы құрамына санауда.

20. Тұрғын үй көмегі өтініш берілген күнінен бастап 3 ай мерзіміне беріледі. Тұрғын үй көмегін алушыларды қайта тіркеу бастапқы ресімдеу рәсіміне ұқсас

**б о л а д ы .**

21. Тұрғын үй көмегін тағайындауға ниет білдірген отбасыларға (азаматтарға) есептеу кезінде келесі шектеулер есепке алынады:

1) арыз беруші заңды некеде тұр, бірақ жұбайы берілген мекен-жайда тұрмайды - ерлі-зайыптылардың екеуінің табыс жиынтығы есепке алынады және тұрғын үй көмегі тұрғын үй көмегіне қолдауhat берген жұбайының мекен-жайы бойниша

**тағайындалады;**

2) арыз беруші заңды некеде тұр, бірақ жұбайының мекен-жайын білмесе (көрсетпесе) және осы мәселе бойынша құқық қорғау орындарына жолықпаса - тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

22. Тұрғын үй көмегін тағайындауға ниет білдірген немесе оны алатын отбасылар көмекті ресімдеу үшін келесі құжаттарды қоса отырып (тұпнұсқалары мен көшірмелер) өтініш береді:

1) Үй иесімен (жалдаушымен) бірге тұратын барлық отбасы мүшелерінің жеке басын анықтайтын құжаттар;

2) Тұрғын үйге құқықты бекітуші құжаттар (жекешелендіру шарты, сыйфа тарту шарты, сатып алу-сату шарты және т.б.), меншік иелігіндегі тұрғын үй (пәтер, үй) бірліктерінің саны туралы ақпараттық анықтама;

3) азаматтарды тіркеу кітабы;

4) отбасының табыстары және өзге анықталған табыстар туралы мәліметтер (алдағы тоқсан бойниша);

5) еңбек әрекетін растайтын құжаттар;

6) жалғыз басты аналар үшін азаматтық хал актілерін жазу туралы әдіlet Басқармасынан 4 нысандары анықтама;

7) тұрғын үйді ұстауға, тұтынылған коммуналдық қызметтер үшін төлем ету жөніндегі мәліметтер;

8) Жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама;

9) стационарлық емес газ плиталары бар үйлер үшін газ баллондарын алу туралы түбіртегі (алдағы тоқсан бойынша)

23. Кондоминиумның ортақ мұлктеріне күрделі жөндеуге жұмысалған шығындарға өтемақы алуға құқықтары бар отбасылар мен тұлғалар Ереженің

22 тармағымен қарастырылған құжаттарға қоса келесілерді ұсынады:

1) кондоминиумның ортақ мұлкіне күрделі жөндеу жасауға мақсатты жиындарды төлем ету туралы түбіртек;

2) тұрғын үй иесі, тұрғын үй иелері кооперативі және жөндеу жұмыстарын жүзеге асыратын үйым арасында бекітілген кондоминиумның ортақ мұлкіне күрделі жөндеу жасауға шарттың көшірмесі;

3) Кондоминиумның ортақ мұлкіне күрделі жөндеу жүргізілген жұмыстарының қабылдау-тапсыру актінің көшірмесі.

24. Ұсынылған құжаттарды қарастыру нәтижелері бойынша отбасы табыстары мен коммуналдық төлемдер енгізілетін есеп құрастырылады. Есепке отбасының өкілі немесе отбасы атынан әрекет ететін тұлға және құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын тұлға қолдарын қояды. Есеп негізінде екі данада шарт құрастырылады, оның біреуі тұрғын үй иесіне (жалдаушыға) беріледі. Аталған шарт тұрғын үй көмегін ұсыну үшін негіз болып табылады.

25. Электрмен қамту, пайдалану шығындары алдағы өтініш еткен тоқсаның түбіртектері бойынша есепке алынады. Жылумен, сумен қамту, канализация және қоқыс шығару жөніндегі шығындар коммуналдық қызметтерді толық төлем ету жағдайында қызмет берушілерін тарифтері бойынша және есептеу құралдары бар болған жағдайда және қызмет берушілермен коммуналдық қызметтерді қайта есептеу жағдайында төлем ету дерегі бойынша алынады.

26. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 күн ішінде тұрғын үй көмегі қызметтеріне тұрғын үйі иелігі нысанының кез келген өзгерістері, отбасы құрамы және оның жиынтық табысы, сондай –ақ мәртебесі туралы ақпарат берулері

ти іс .

27. Ұсынылған ақпараттың шұбәсіздігіне күмән пайда болған жағдайда тұрғын үй көмегін тағайындастын қызметкер отбасының табыстары, тұрғын үй шығындары және отбасы мүшелерінің тұрақты мекендерін растайтын қосымша құжаттарды талап етуге құқылы. Талап етілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда тұрғын үй көмегі көрсетілмейді. Тұрғын үй көмегін көрсету қызметіне алдын ала күмәнды мәліметтер ұсынып, соның салдарынан артық немесе заңсыз тұрғын үй көмегі төленген жағдайда меншік иесі (жалдаушы) заңсыз алынған соманы өз еркі бойынша, бас тартқан жағдайда сот тәртібінде қайтарады.

#### 4. Тұрғын үй көмегінің мөлшері

28. Тұрғын үй көмегінің мөлшері өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін нормалар шегінде коммуналдық қызметтерді тұтынғаны және тұрғын үйді ұстau үшін меншік иесінің (жалдаушының) іс жүзіндегі төлемі мен осы мақсаттарға отбасы шығындарының шекті мүмкінді деңгейі арасындағы айырмашылығы ретінде есептеледі.

## 5. Тұрғын үй көмегін алуға ниет білдірген азаматтардың (отбасының) жиынтық табысын есептеу

29. Тұрғын үй көмегін алуға ниет білдірген азаматтардың (отбасылардың) жиынтық табысы отбасы табысын анықтау үшін тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен

есептеді.

30. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік балаларға төленетін жәрдемақылардан, қайтыс болғандарды жерлеуге және бала туғанда берілетін біржолы төлемдерден басқа, тұрғын үй көмегіне өтініш ету тоқсаны алдындағы тоқсанда алынған табыстардың барлық түрлері

ескеріледі:

1) еңбекақы түріндегі табыстар

2) зейнетакыны барлық тұрларі, мүгедекті, асыраушыдан айрылған және жас бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар; арнайы мемлекеттік жәрдемақылар; мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар; заңнамамен және өзге нормативтік құқықтық актілермен белгіленген тәртіпте, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімдерімен және жұмыс берушілермен тағайындалатын өтемақы төлемдері;

3) балаларға және қарауындағы жандарға берілетін алименттер.

4) зақымданумен немесе денсаулығына келтірілген зиян салдарынан пайда болған шығындарды өтеу тәртібінде алынған біржолғы сомалар;

5) жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыстар;

6) жеке кәсіпкерлікten және басқа қызмет тұрларінен түскен табыстар;

7) Азаматтардың өз еркі бойынша мәлімденген өзге табыстар.

Еңбекақы төлемі түріндегі табыстарға келесілер жатады:

негізгі жұмыс орны және қоса атқарушылық бойынша қызмет еткен уақыт үшін заңнамаға сәйкес қызметкерлерге төленетін еңбекақының, сондай-ақ сыйақылардың, қосымшақылардың, үстемеақылар мен ақшалай және натуралды нысандағы әлеуметтік женілдіктердің барлық тұрларі;

өзге төлем тұрларі (жеке еңбек шартын бұзған жағдайда, жеке еңбек шартын бұзған жағдайдағы пайдаланылмаған жыл сайынғы еңбек демалысы, ұйыммен бірге қызметкерді басқа жерге ауыстырған кездегі өтемақы төлемдері, оқу дәмалыстарының төлемі).

31. Ауылдық жерде тұратын тұрғындар үшін жеке қосалқы шаруашылығынан түскен табыстар (саябақ, үй маңындағы участкелерден, бақшалардан түскен табыстардан басқа) есепті көрсеткіштің бес мәртелең көлемде есептеледі.

32. Кәсіпкерлік қызметтен, мұліктік және жер үлесінен алынған табыс мәлімденген және т.б. сияқты есептеледі.

## **6. Қаржыландыру және тұрғын үй көмегін төлеу**

33. Барлық меншік нысандағы үйлерде тұратын тұлғаларға тұрғын үй көмегінің төлемін, тұрғын үйді құрделі жөндеуді қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

34. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді ұсынуға есептік-нормативтік шығындарды анықтау жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бақылауы бойынша өткізіледі.

35. Тұрғын үй көмегінің төлемі тұрғын үй көмегін алуға ниет білдіргеннің жеке өтінішіне сәйкес жүргізіледі және жинақ тізілімі негізінде тұрғын үйді құрделі жөндеуге шығындардың өтемақысы екініші деңгейдегі банк арқылы өтініш берушілердің жеке шоттарына ақшалай қаражатты аудару жолымен беріледі.